



Сот атауы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Соты (Кассациялық саты)

Облыс атауы: Нұр-Сұлтан қаласы

Арыз берушінің Т.А.Ә. / ұйым атауы: Есбергенов Рауан Камаладинович

Мекенжайы: Қ А З А Қ С Т А Н , А Қ М О Л А ,  
АСТАНА

## ӨТІНІШ

**Өтініш мәтіні:** Сотқа жүгінген әр адам әділдік іздейді, күтеді. Соттарды біліктілігі жоғары, құқық нормаларының мәнін түсінетін адам деп белеміз. Тараптардың мүдделері қарама қайшы. Мүдделер қайшылығында адаспай әділдікке қол жеткізу оңай емес.

Еліміз құқықтық мемлекет құру идеясына сот билігі арқылы жетеді. Мемлекеттің әділдік желісі соттан бастау алады. Сот билігі әділдіктің қайнар көзі болатын болса біздің мемлекет қарқындап дамыйды.

Соттарға риза болсақ. Іштей разы болып, сонымен шектелеміз. Бірақ, жақсылықты айтқан сайын артады. «Жақсы сөз жарым ырыс» деп бекер айтылмаған. Сондықтан осы ризашылық хатты жазып отырмын.

Жұмыс барысымен Алматы қаласы Бостандық аудандық сотында іске қатыстым.

Сот отырысына Мадыбаева Зейнекультай Орынбасаровна төрағалық етті.

Мәселені күрделендірмей, талап арыз бойынша азаматтық іс қозғау кезінде талап қоюшының заң талаптарының сақтамағанын көрсетіп, істі қараусыз қалдырды. Төрағалық ету кезінде іс жүргізу тәртібін сақтауы мен орындауы тәнті етті.

Мадыбаева Зейнекультай Орынбасаровнаның көздегені уақыт ысырабына жол бермей, бізді де, өзгені де шаршатпайтын шешім қабылдау болды.

Тап таза, ашық сот отырысы болды. Бейтараптылықпен атқарылған сот төрелігін көрсетті.

Зейнекүлтай Орынбасарқызының жүрегінде адалдықтың шырағы бар, жаны жылы екенін көрсетті.

Осындай иманды адамдардың Сот билігінде жүруі бізді қуантады.

Соттың суық ажарын, осындай қарпайым, мәдениетті судьялар жыл сайын жылытып келеді.

Бостандық аудандық сотының судьясы Зейнекүлтай Орынбасарқызына Алла разы болсын!!!

### Қоса берілетін құжаттар тізбесі:

1. Сотқа разылық хаты 2021.pdf

ЕСБЕРГЕНОВ РАУАН КАМАЛАДИНОВИЧ қол қойды